

PHILIPS

AVENT

SCD730, SCD731
SCD733, SCD734
SCD735



Қолданушының нұсқасы

Мазмұны

Маңызды қауіпсіздік ақпараты - Қосымша пайдалану құжаттамасын	3
МАҢЫЗДЫ.....	3
Кіріспе	6
Ата-ана бөлігінің дисплейі (1-сурет)	6
Пайдалануға дайындау	7
Нәресте бөлігі.....	7
Ата-ана бөлігі.....	7
Нәресте мониторын пайдалану.....	7
Нәресте мониторын орнықтыру.....	7
Ата-ана бөлігі мен нәресте бөлігін байланыстыру	8
Нәресте бөлігіндегі функциялар мен кері байланыс.....	9
Түнгі шам.....	9
Бесік жыры функциясы	9
Проектор	10
Ата-ана бөлігіне хабар жіберу.....	10
Батарея күйінің шамы.....	10
Ата-ана бөлігіндегі функциялар мен кері байланыс	11
Тыныштандыру мәзірі.....	11
Көлем	13
Сөйлесу функциясы.....	14
Түнгі жарықты азайту режимі	14
Нәресте бөлігінің батарея қуаты аз ескертуі	14
Батарея күйінің көрсеткіштері.....	15
Ата-ана бөлігінің мәзірі	15
Мәзірде жылжу	15
Сезгіштік	16
Есо Мах режимі	17
Тамақтандыру таймері	18
Бөлме температурасы	19
Жылағанда ескерту	20
Сағат.....	20
Тіл.....	20
Клавишаны тұрақтандыру	21
Айналаны қорғау мәселелер ақпараты.....	21
Өңдеу	21
Қолдау көрсету.....	21

Маңызды қауіпсіздік ақпараты - Қосымша пайдалану құжаттамасын

Құралды қолданбастан бұрын осы маңызды ақпаратты мұқият оқып шығып, оны келешекте қарау үшін сақтап қойыңыз.

МАҢЫЗДЫ

Бұл нәресте монитормы тек көмекші құрал ретінде ғана жасалған. Ол жауапкершілікті және орнықты ересек бақылауын алмастыра алмайды, оны бұл мақсатпен қолдануға болмайды.

Нәрестеніңді ешқашан үйде жалғыз қалдырмаңыз. Әрқашан баланың жанында балаға қамқор болатын және оның қажеттіліктерін қамтамасыз ететін адамның бар болуын қадағалаңыз.

Жауапкершіліктен бас тарту

Бұл нәресте монитормы қолданғанда жауапкершілікті өз мойныңызға алатыныңызды ескеріңіз. Koninklijke Philips N.V. және оның еншілес компаниялары осы нәресте монитормының жұмысы үшін және оны пайдалануыңыз үшін жауапты емес, сондықтан осы нәресте монитормы пайдалануыңызға қатысты ешқандай жауапкершілікті өзіне алмайды.

Қауіпті жағдайлар

- Нәресте монитормының ешқандай бөлігін суға немесе басқа сұйықтыққа батыруға болмайды. Құралды су немесе басқа сұйықтық тамып не шашырап кететін жерге қоюға болмайды. Нәресте монитормы дымқыл немесе суға жақын жерге қоймаңыз.
- Ешқашан нәресте монитормының үстіне ешқандай зат қоймаңыз және оны жаппаңыз. Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.

Ескерту

- Ұзын кабель. Буынып қалу қаупі!
- Құралды қоспас бұрын, адаптерде көрсетілген кернеу жергілікті розетканың кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Тек осыған қосымша берілген адаптерді ғана қолданыңыз.
 - Үлгі: S005Bxy0600050
 - Номинал: Кіріс: 100-240 V~ 50/60 Hz, 0,15 A
Шығыс: 6,0 V === 0,5 A, 3 W
 - $x_u = NV$ (ЕО ашасы) немесе $x_u = NB$ (ҰБ ашасы)
 - Орташа белсенді тиімділігі: 74,38%
 - Жүктемесіз қуат шығыны (W): 0,1 W VI ДЕҢГЕЙ
- Адаптердің кез келген бөлігін және оның сымын өзгертпеңіз немесе кесіп алмаңыз, себебі бұл қауіпті жағдай туғызады.
- Адаптер зақымдалған жағдайда, қауіпті жағдай туғызбау үшін оны тек түпнұсқасымен ауыстыру керек.

- Бұл құрылғыны 8 және одан жоғары жастағы балалар мен физикалық, сезу немесе ойлау қабілеттері шектеулі не болмаса тәжірибесі және білімі аз адамдар қадағалаумен немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқаулар алған және байланысты қауіптерді түсінген жағдайда пайдалана алады. Балалар құралмен ойнамауы керек. Тазалау және пайдаланушының қызмет көрсету жұмысын балалар бақылаусыз орындамауы керек.
- Қуат сымның әсіресе штепсельдік ұштарын және олардың құрылғыдан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Нәресте мониторын орналастырғанда, оның сымы есікке немесе өтуге кедергі келтірмеуін қадағалаңыз. Егер нәресте мониторын үстелге немесе аласа шкафтың үстіне қойсаңыз, желілік сымы үстелдің немесе шкаф бетінің үстінде салбырап тұрмауы керек. Сымның адам шалынып қалуы мүмкін жерде жатпауын қадағалаңыз.
- Орауыш материалдарды (полиэтилен қалталарды, картон буферді, т.б.) балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз. Олар ойыншық емес.
- Электр тогының соғу қаупін болдырмау үшін, нәресте және ата-ана модульдерін ашпаңыз.

Батареяның қауіпсіздік нұсқаулары

- Өнімді тек мақсатына сай пайдаланыңыз. Өнімді және оның батареялары мен аксессуарларын қолданар алдында осы ақпаратты мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз. Дұрыс пайдаланбау қауіпті жағдайларға немесе ауыр жарақатқа себеп болуы мүмкін. Жеткізілетін аксессуарлар әртүрлі өнімдерде әртүрлі болуы мүмкін.
- Өнімді тек 0 °C және 40 °C аралығындағы температурада зарядтауға, пайдалануға және сақтауға болады.
- Келесі батареялар пайдаланылғанын тексеріңіз:
 - Нәресте модулі: 1,5 V R6 AA сілтілі қайта зарядталмайтын батареялары немесе 1,2 V AA HR6 қайта зарядталатын батареялары. Қайта зарядталатын батареяларды бөлек батарея зарядтағышта қайта зарядтаңыз.
 - Ата-ана модулі: Philips 130 ААНС 1,2 V, 1300 mAh/caғ (SCD730/SCD731/SCD733); GP 180ААНС 1,2 V, 1800 mAh/caғ (SCD734/SCD735/SCD733).
 - Ата-ана модулімен берілген қайта зарядталатын батареяны ғана пайдаланыңыз.
 - Қайта зарядталмайтын батареяларды ата-ана бөлігінде зарядтауға болмайды.
- Өнімдер мен батареяларды оттан алыс сақтаңыз және оларды күн сәулесі немесе жоғары температура әсер ететін жерге қоймаңыз.
- Тиын/түйме пішіндес батареяларды үнемі балалар қолы жетпейтін орында сақтаңыз. Бұл батареяларды жұтып қою ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін.
- Өнім қатты қызып кетсе немесе иіс шықса, түсі өзгерсе немесе зарядтау бұрынғыдан да ұзақ уақыт алса, өнімді пайдалану мен зарядтауды тоқтатып, Philips компаниясына хабарласыңыз.

- Өнімдерді және олардың батареяларын микротолқынды пештерге немесе индукциялық пештерге салмаңыз.
- Батареялардың қызып кетпеуі, не болмаса улы немесе қауіпті заттарды шығармауы үшін өнімді немесе батареяны ашпаңыз, өзгертпеңіз, теспеңіз, бүлдірмеңіз немесе бөлшектемеңіз. Батареяларды қысқа тұйықтауға, артық зарядтауға немесе кері зарядтауға болмайды.
- Егер батареялар зақымдалса немесе ағып кетсе, тері мен көзге түсуіне жол бермеңіз. Егер бұл орын алса, дереу сумен шайып, медициналық көмекке жүгініңіз.
- Батареяларды ұстаған кезде қолыңыздың, өнімнің және батареялардың құрғақ екендігіне көз жеткізіңіз.
- + және - полюстері бар батареяларды батарея бөлімінде немесе ұстағышта көрсетілген бағытқа қаратып салыңыз.
- Брендтері мен түрлері әр түрлі батареяларды араластырмаңыз, жаңа және қолданылған батареяларды араластырмаңыз әрі күн кодтары әр түрлі батареяларды пайдаланбаңыз.
- Өнімді біраз уақыт бойы қолданбайтын болсаңыз, батареяларын алып тастаңыз.
- Шығарылғаннан кейін батареялардың кездейсоқ қысқа тұйықталуын болдырмас үшін батарея клеммаларының металл заттарға (мысалы, тиындарға, қыстырғыштарға, сақиналарға) тиюіне жол бермеңіз. Батареяларды алюминий фольгасымен орамаңыз. Батареяларды таспадан шығарыңыз немесе қоқысқа тастамас бұрын, оларды пластик пакетіне салыңыз.
- Өнім ішінде бос алынбалы батареяларды қалдыруға болмайды.
- Қайта зарядталмалы батареяларының зарядтау айналымы шектеулі. Батареяның қызмет ету мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.
- Батарея сыйымдылығы айтарлықтай төмендегенде қайта зарядталатын батареяны ауыстырыңыз.

Ескерту


- Құрылғыны радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Адаптерлерді, штепсельдерді және ток сымын ұстағанда, қолдарыңыз құрғақ болсын.
- Нәресте модуліндегі, ата-ана модуліндегі және қуат адаптеріндегі барлық қажетті белгілер нәресте модулінің, ата-ана модулінің және қуат адаптерінің түбінде орналасқан.

Сәйкестік туралы декларация

Осы құжат арқылы PHILIPS Consumer Lifestyle B.V. компаниясы осы өнімнің 2014/53/EU директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. EО сәйкестік туралы декларациясының (СТД) толық мәтінін www.philips.com/support сілтемесі бойынша онлайн алуға болады.

Электр магнитті өріспен (ЭМӨ) үйлесімділігі

Бұл өнім электромагниттік өрістерге қатысты барлық қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді.



Кіріспе

Өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеп, толық пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.

Ата-ана бөлігінің дисплейі (1-сурет)

- 1 Сигнал күшінің көрсеткіші
- 2 Eco Max көрсеткіші
- 3 Түнгі жарықты азайту режимінің белгісі
- 4 Жылағанда ескерту көрсеткіші
- 5 Дыбыс өшірілген белгісі
- 6 Батарея күйінің көрсеткіші
- 7 Жылжыту көрсеткіші
- 8 Температура белгісі
- 9 Микрофон сезімталдығы көрсеткіші
- 10 Түнгі жарық белгісі
- 11 Бесік жыры белгісі
- 12 Проектор белгісі
- 13 Таймер немесе таймерді қайталау белгісі
- 14 Тыныштандыру мәзірінің экраны

Пайдалануға дайындау

МАҢЫЗДЫ: нәресте мониторын қолданар алдында қауіпсіздік туралы маңызды ақпаратты мұқият оқып шығып, болашақта қарау үшін сақтап қойыңыз.

Нәресте бөлігі

Ток көзіне жалғанған нәресте бөлігін пайдалануды ұсынамыз. Электр көзі ақаулығы жағдайында автоматты қуат сақтандырғышына кепілдік беру үшін төрт 1,5 В АА сілтілі батареяларын (қосылмаған) салуға болады.

Қайта зарядталатын батареяларды бөлек батарея зарядтағышта қайта зарядтаңыз. Нәресте бөлігінде пайдаланылмаған жағдайда заряды төмендейтін зарядтау функциясы және қайта зарядталатын батареялар жоқ.

Ата-ана бөлігі

Ата-ана бөлігі нәресте монитормен берілген екі қайта зарядталатын батареялармен жұмыс істейді. Ата-ана бөлігін бірінші рет пайдалану алдында және батарея заряды төмен кезде зарядтаңыз.

SCD730/SCD731/SCD733 үшін ата-ана бөлігінің 18 сағаттық сымсыз жұмыс уақытына қол жеткізу үшін толық 10 сағатқа зарядтауыңыз керектігін ескеріңіз. (SCD734 және SCD735 үшін: зарядтау уақыты - 14 сағат және жұмыс уақыты - 25 сағат.

Ескертпе: Нәресте мониторын пайдалануды бастаған кезде, зарядталатын батареялар толық сыйымдылығына жетпестен бұрын, онда 4 зарядтау және разрядтау циклі болады.

Нәресте мониторын пайдалану

Нәресте мониторын орнықтыру

Нәресте бөлігін нәрестенің қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Нәресте бөлігін нәрестенің төсегіне немесе манежінің ішіне қоймаңыз.

- Нәресте бөлігінің сымы буынып қалу қаупін тудыратындықтан нәресте бөлігі мен сымын нәрестеден кемінде 1 метр/3,5 фут қашықтықта ұстаңыз.
- Бір немесе екі бөліктен де жағымсыз дауыс шығармас үшін, ата-ана бөлігін нәресте бөлігінен кемінде 1 метр/3,5 фут қашықтықта ұстаңыз.

Ата-ана бөлігі мен нәресте бөлігін байланыстыру

- 1 Қуат қосулы шамы жанғанша, нәресте бөлігіндегі ϕ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
- 2 Дисплей жанғанша, ата-ана бөлігіндегі ϕ түймесін 2 секунд басып тұрыңыз. Ата-ана бөлігіндегі «байланыс» шамы қызыл болып жыпылықтайды да, дисплейде «I AM LINKING» (Байланыс орнатылуда) хабары көрінеді.
Ата-ана бөлігі және нәресте бөлігі байланысқан кезде, «байланыс» шамы тұрақты жасыл түспен жанады. Дисплейде сигнал күші индикаторы мен «LINKED» (Байланысқан) хабары пайда болады. Байланыс орнатылмаса, дисплейде «NOT LINKED» (Байланыспаған) хабары көрсетіліп, ата-ана бөлігі қосылып дыбыс шығара бастайды.

Байланыс орнатылмаса, орындалатын әрекет

- Ата-ана бөлігі жұмыс ауқымынан тыс болса, нәресте бөлігіне жақынырақ орналастырыңыз, алайда 1 метр/3,5 футтан жақын болмауын қадағалаңыз.
- Нәресте немесе ата-ана бөлігін басқа DECT құрылғысына (мысалы, сымсыз телефон) тым жақын, <2 м/6,5 фут алыс қойсаңыз, құрылғыны өшіріңіз де, бөлікті құрылғыдан әрірек апарып қойыңыз.
- Нәресте бөлігі ажыратылған болса, оны қосыңыз.

Жұмыс жасау аймағы


- Сыртта жұмыс ауқымы 330 метр/1000 фут болса, үйдің ішінде 50 метр/150 фут болады.
- Нәресте бақылаушысының жұмыс ауқымы кедергіге себеп болатын орталарға және факторларға байланысты әр түрлі болады. Сулы немесе дымқыл материалдар ауқымы 100% болған кезде кедергіге себеп болады. Құрғақ материалдар кедергісі үшін төмендегі кестені көріңіз.

Құрғақ материалдар	Материалдар қалыңдығы	Байланысты жоғалту
Ағаш, гипс, картон, әйнек (металлы жоқ, сым немесе қорғасын)	< 30 см (12 дюйм)	0-10 %
Кірпіш, желімделген фанер	< 30 см (12 дюйм)	5-35 %
Темірбетон	< 30 см (12 дюйм)	30-100 %
Металл торлар мен кесектер	< 1 см (0,4 дюйм)	90-100 %
Металл немесе алюминий беттері	< 1 см (0,4 дюйм)	100 %


Нәресте бөлігіндегі функциялар мен кері байланыс


Түнгі шам

Түнгі шам нәрестеге қолайлы болатын жұмсақ шамды шығарады.


- 1 Түнгі жарықты қосу немесе өшіру үшін нәресте бөлігіндегі  түймесін басыңыз.

Бесік жыры функциясы

- 1 Таңдалған бесік жырын ойнату үшін нәресте бөлігіндегі  түймесін басыңыз. Таңдалған бесік жыры орнатылған уақытта қайталанады.




- 2  түймесін басып, тізімнен басқа бесік жырын таңдаңыз.



- 3 Бесік жырының дыбыс деңгейін реттеу үшін нәресте бөлігіндегі «Дыбыс +» немесе «Дыбыс -» түймесін басыңыз.

Ескертпе: Нәресте бөлігіндегі дауыс шығару деңгейін сіз тек бесік жыры ойнап жатқанда ғана орнатып аласыз. Бесік жыры үшін дыбыс деңгейін жоғары етіп орнатсаңыз, дыбыс ата-ана бөлігінде сөйлеу функциясын пайдаланған кезде де қатты шығады.





- 4 Бесік жырын тоқтату үшін нәресте бөлігіндегі  түймесін басыңыз.

Проектор

Проекторды қосу арқылы баланы төбеге проектормен түсірілетін түсті жарық өрнектерімен тыныштандыруға болады.

- 1 Проекторды қосу үшін, проекторды қосу/өшіру түймесін басыңыз. Ата-ана бөлігінің дисплейінде проектор белгісі пайда болады.




- 2 Алты түрлі өрнек бар. Бірінші өрнек 2 секундта толық қарқынына дейін күшейеді. 8 секунд жарық түседі де, келесі өрнек пайда бола бастағанда 2 секундқа сөнеді. Әр өрнек 10 секунд түсіріледі. Өрнектер орнатылған уақытпен қайталанады.
- 3 Проекторды өшіру үшін проекторды қосу/өшіру түймесін қайта басыңыз.

Ата-ана бөлігіне хабар жіберу

Ата-ана бөлігін жоғалтып алған жағдайда, нәресте бөлігіндегі FIND (Табу) түймесін қолданып табуға болады. Бұл функция тек ата-ана бөлігі қосулы кезде ғана жұмыс жасайды.

- 1 Нәресте бөлігіндегі FIND (Табу) түймесін басыңыз. Ата-ана бөлігі хабар жіберудің дабыл дыбысын шығарады.
- 2 Хабар жіберудің дабыл дыбысын тоқтату үшін, нәресте бөлігіндегі FIND (Табу) түймесін қайта басыңыз немесе ата-ана бөлігіндегі кез келген түймені басыңыз. Хабар жіберудің дабыл дыбысы 2 минуттан соң автоматты түрде тоқтайды.



Батарея күйінің шамы


- 1 Нәресте бөлігі батареямен іске қосылғанда және батареяда жеткілікті заряд болғанда, батарея күйінің шамы тұрақты жасыл түсте болып жанады.
- 2 Батарея қуаты арқылы жұмыс істеп тұрған нәресте бөлігінде заряд төмендеген жағдайда, батарея күйінің шамы жылдам қызыл түсте жыпылықтайды. Заряды азайғанда батареяларды ауыстырыңыз.

Ата-ана бөлігіндегі функциялар мен кері байланыс


Тыныштандыру мәзірі

Ата-ана бөлігінде барлық тыныштандыру мүмкіндіктері үшін бөлек тыныштандыру мәзірі бар: түнгі жарық, бесік жыры және проектор. Тыныштандыру мәзірін ашу үшін, тыныштандыру түймесін басыңыз. Бұл экран нәресте бөлігінде түнгі жарықты, бесік жырларын және проекторды қашықтан іске қосуға мүмкіндік береді.


1 Тыныштандыру мәзірін ашу үшін, тыныштандыру түймесін басыңыз.




2 Көрсеткіні бір тыныштандыру мүмкіндігіне қарату үшін + және - түймелерін қолданыңыз.



3 Тыныштандыру мүмкіндігі өшіп тұрғанда қосу үшін немесе ол қосылып тұрғанда оны өшіру үшін ОК түймесін басыңыз. Мүмкіндік қосылып тұрғанда мүмкіндіктің белгісінің үстінде қанатша болады. Мүмкіндік өшіріліп тұрғанда мүмкіндіктің белгісінің үстінде айқыш болады.



4 Мүмкіндік үшін опциялар бар мәзірді ашу үшін, көрсеткіні опциялар өрісіне жылжытып, ОК түймесін басыңыз. Опциялар жолындағы тармақтарды таңдау үшін - және + түймелерін қолданыңыз.





5 Тыныштандыру мәзірінен шығу үшін, тыныштандыру түймесін басыңыз.


Түнгі шам

Бұл тыныштандыру мүмкіндігі түнгі жарықты қосуға немесе өшіруге және түнгі жарық таймерін орнатуға мүмкіндік береді.

- 1 Түнгі жарық мүмкіндігін таңдап, түнгі жарық опциялары бар мәзірді ашыңыз.




- 2 Түнгі жарық таймерін 5-20 минутқа орнатуға немесе түнгі жарықты үздіксіз қосып қоюға болады. Растау үшін ОК түймесін басыңыз. Түнгі жарық таңбасы дисплейде пайда болады.

Егер түнгі жарық таймерін орнатсаңыз, түнгі жарық автоматты түрде өшеді. Егер түнгі жарықты үздіксіз қосып қойсаңыз, оны тыныштандыру мәзірінде өшіру күйіне ауыстыру немесе нәресте бөлігіндегі  түймесін басу арқылы өшіріңіз.


Бесік жыры

Бұл тыныштандыру мүмкіндігі бесік жырын ойнату опцияларын таңдауға және бесік жыры таймерін орнатуға мүмкіндік береді.

- 1 Бесік жыры мүмкіндігін таңдап, бесік жыры опциялары бар мәзірді ашыңыз.




- 2 Бесік жыры опциялары мәзірінде алдын ала сақталған бесік жырларының тізімінен бір бесік жырын таңдауға болады. Алдын ала сақталған бесік жырларын ойнату үшін «Play all» (Барлығын ойнату) тармағын таңдауға болады.
- 3 Бесік жыры таймерін 5-20 минутқа орнатуға немесе бесік жырларын үздіксіз ойнатуды таңдауға болады. Таймер параметрін растау үшін ОК түймесігін басыңыз. Дисплейде бесік жыры белгісі мен ойнатылып жатқан бесік жыры көрсетіледі.


Егер таймерді орнатсаңыз, бесік жыры функциясы белгіленген уақыттан кейін өшеді. Егер үздіксіз ойнату таңдалса, бесік жыры функциясын тыныштандыру мәзірінде немесе нәресте бөлігіндегі  түймесін басу арқылы өшіріңіз.

Проектор

Бұл тыныштандыру мүмкіндігі нәресте бөлігінде проекторды қосуға және проекция ұзақтығын бағдарламалауға мүмкіндік береді.



- 1 Проектор мүмкіндігін таңдап, проектор опциялары бар мәзірді ашыңыз.
- 2 Проектор опцияларына қол жеткізу үшін көрсеткіні опциялар жолына қаратып, ОК түймесін басыңыз.



- 3 Проектор таймерін 5-20 минутқа орнатуға немесе проекторды үздіксіз қосуға қоюға болады. Растау үшін ОК түймесін басыңыз. Проектор таңбасы дисплейде пайда болады.

Егер проектор таймерін орнатсаңыз, проектор автоматты түрде өшеді. Егер проекторды үздіксіз қоссаңыз, проекторды тыныштандыру мәзірінде немесе нәресте бөлігіндегі проектор түймесін басу арқылы өшіріңіз.

Көлем

Мәзір белсенді болмаса, дыбыс деңгейін орнатуға болады. Жеті дыбыс деңгейі және „дыбыс деңгейін өшіру“ параметрі бар.


Дыбыс деңгейін орнату

- 1 + түймесін немесе - түймесін бір рет басыңыз.
Дисплейде ағымдағы дыбыс деңгейі көрсетіледі.
- 2 Дыбыс деңгейін көтеру үшін + түймесін, ал төмендету үшін - түймесін басыңыз.
2 секундтан артық уақытта ешбір түйме басылмаса, дисплейден дыбыс деңгейінің көрсеткіші жоғалып, дыбыс деңгейінің параметрі сақталады.

Дыбысты өшіру


Төменгі дыбыс деңгейі параметрінің астында „дыбысы сөндірілген“ параметрі бар.

- 1 + түймесін немесе - түймесін бір рет басыңыз.
Дисплейде ағымдағы дыбыс деңгейі көрсетіледі.
- 2 Дыбысты өшіру үшін 2 секундтан артық уақыт бойы - түймесін басып тұрыңыз.



Дисплейде «MUTE» (Дыбыссыз) хабары және дыбыс өшірілген белгісі көрінеді. Нәрестенің дыбыс шығарып жатқанын тек дыбыс деңгейінің шамдары көрсетеді.

Сөйлесу функциясы




- 1 Нәрестеңізге қолайлы болу үшін ата-ана бөлігіндегі TALK (Сөйлеу) түймесін басып, алдындағы микрофонға 15-30 см (0,5-1 фут) арақашықтықта тұрып анық сөйлеңіз.

Ескертпе: Нәресте бөлігінде бесік жыры үшін дыбыс деңгейін жоғарырақ етіп орнатсаңыз, дыбыс ата-ана бөлігінде сөйлеу функциясын пайдаланған кезде де қатты болады.

- 2 Сөйлесіп болғаннан кейін, TALK (Сөйлеу) түймесін босатыңыз.

Түнгі жарықты азайту режимі



Түнгі жарықты азайту режимінде жарық пен дисплейдің жарық күші азаяды және дыбыс ескертпесінің дауыс деңгейі төмендейді.

- 1 Түнгі жарықты азайту режимін қосу үшін түнгі жарықты азайту түймесін ☀ басыңыз.
- 2 Қалыпты жұмыс істеу режиміне қайтару үшін, түнгі жарықты азайту түймесін ☀ қайта басыңыз.

Нәресте бөлігінің батарея қуаты аз ескертуі

- 1 Нәресте бөлігі батареямен жұмыс істеп тұрғанда батарея қуаты азайса, ата-ана бөлігі дыбыстық сигнал беріп, дисплейде «Baby unit Change batteries» (Нәресте бөлігі: батареяларды ауыстыру) хабары пайда болады.
- 2 Батареяларды уақытында ауыстырмаса, нәресте бөлігімен байланыс жоғалады.

Батарея күйінің көрсеткіштері

Батарея заряды төмен

Қайта зарядталатын батарея заряды азайғанда дисплейде «BATTERY LOW» (Батарея заряды төмен) хабары пайда болып, батарея күйінің көрсеткіші бос болып жыпылықтайды және ата-ана бөлігі дыбыс шығарады. Қалған жұмыс уақыты - кемінде 30 минут.

Батарея бос

- 1 Қайта зарядталатын батареялар заряды таусыла бастағанда, батарея күйінің шамы жылдам қызыл түсте жыпылықтайды.
- 2 Ата-ана бөлігін тоққа қоспасаңыз, ол сөніп қалады.






Ата-ана бөлігінің мәзірі

Мәзірде жылжу

Ескертпе: Кейбір мәзір функциялары тек нәресте бөлігі мен ата-ана бөлігі байланысқанда жұмыс істейді.

- 1 Мәзірді ашу және көрінген бірінші мәзір таңдауын жасау үшін MENU (Мәзір) түймесін басыңыз.
- 2 Келесі опцияға өту үшін + түймесін не алдыңғы опцияға оралу үшін - түймесін пайдаланыңыз. Дисплейдегі көрсеткі шарлау бағытын көрсетеді.





3 Таңдауыңызды растау үшін ОК түймесін басыңыз.

Ескертпе: Өзгерістер жасамай мәзірден шығу керек болса, MENU (Мәзір) түймесін басыңыз. 20 секунд ішінде мәзірге ештеңе енгізілмесе, мәзір автоматты түрде жабылады.

Сезгіштік

Ата-ана бөлігіндегі бұл параметр нәресте бөлігіндегі микрофон сезімталдығын орнатуға мүмкіндік береді. Микрофон сезімталдығы нәресте бөлігі таңдайтын шу деңгейін анықтайды, мысалы, бала жылаған кезде естігіңіз келеді, бірақ, оның үлдеп жатқанын естігіңіз келмейді.

- 1 + және - түймелерін пайдаланып мәзірден «Sensitivity» (Сезімталдық) тармағын таңдап, растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 2 Микрофон сезімталдығын арттыру не төмендету үшін + және - түймелерін пайдаланыңыз. Толтырылған бөліктер саны таңдалған сезімталдық деңгейін көрсетеді. Параметрді растау үшін ОК түймесін басыңыз.

Сезімталдық деңгейі мен көрсеткіштері

Белгіше	Сезгіштік	Сипаттама
	ең жоғары	Сәбидің әрбір қимылын естисіз. Ата-ана бөлігінің динамигі үздіксіз қосылып тұрады.
	жоғары	Нәрестенің былдырлағанынан бастап барлық дыбыстарды естисіз. Нәресте еш дыбыс шығармаса, ата-ана бөлігінің динамигі өшіріледі.
	орташа	Жай жылағанынан бастап дыбыстар естіледі. Нәрестенің жай дыбыстар шығарса, ата-ана бөлігіндегі динамик қосылмайды.
	төмен	Нәресте қатты жылаған сияқты қаттырақ дыбыс шығарса, ата-ана бөлігіндегі динамик қосылады.

Есо Мах режимі

Smart Eco — осы нәресте бақылаушысындағы стандартты мүмкіндік. Қуатты үнемдеу үшін, ол нәресте бөлігінен DECT сигналын автоматты түрде азайтады. Қуатты көбірек үнемдеу үшін, Есо Мах режимін белсендіріңіз. Бұл режимде бала дауысы шықпағанда нәресте бөлігінің DECT сигналы сөнеді.

Абайлаңыз: Есо Мах режимінде ата-ана бөлігі кері байланысты нәресте бөлігінен кешіктіріп алады. Нәресте дыбыс шығарғанда нәресте бөлігі ата-ана бөлігіне кері байланыс жібермес бұрын алдымен радио сигналды іске қосады.

Келесі жағдайларды ескеріңіз:


- Есо Мах режимінде ата-ана бөлігі нәресте бөлігінің ауқымынан тыс болса, кері байланыс қабылданбайды. Ата-ана бөлігіндегі кез келген түймені басу арқылы байланысты тексеруге болады.
- Микрофон сезімталдығы ең жоғарғы деңгейге орнатылса, Есо Мах режимі белсендірілмейді.

Есо Мах режимін белсендіру

- 1 + және - түймелерін пайдаланып мәзірден «Есо Мах» тармағын таңдап, растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 2 Дисплейде «Turn On» (Қосу) хабары көрсетілгенде Есо Мах режимін қосу үшін ОК түймесін басыңыз.
- 3 Дисплейде «!No alert if out of range, OK?» (Ауқымнан тыс болса, ескерту көрсетпеу, OK?) ескерту хабары көрінеді. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.

Ескертпе: Ескерту хабары дисплейде екі рет жылжып өтеді. ОК түймесін баспасаңыз, ата-ана бөлігінде мәзір сол қалпында қалады және Есо Мах режимі ажыратулы қалады.

- 4 Дисплейде Есо Мах көрсеткіші жыпылықтайды. Нәресте бөлігі ата-ана бөлігіне ешқандай сигнал жібермегенде «байланыс» шамы баяу жасыл түсте жыпылықтайды.
- 5 Радио сигнал ажыратылғандықтан ата-ана бөлігі нәресте бөлігінен сигнал алғанда «байланыс» шамы тұрақты жасыл болып жыпылықтайды.



Есо Мах режимін ажырату

- 1 MENU түймесін басыңыз.
- 2 + және - түймелерін пайдаланып «Есо Мах» режимін таңдап, растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 3 Дисплей «Turn Off» (Өшіру) параметрін көрсеткен кезде, растау үшін ОК түймесін басыңыз.

Тамақтандыру таймері

Нәрестені тамақтандыру уақыты болғанын ескертетін тамақтандыру таймерін орнатуға болады. Таймерді 1 минуттан 23 сағат 59 минутқа дейін орнатуға болады.

- 1 Тамақтандыру таймерінің ішкі мәзірін ашу үшін, мәзірден «Feed Timer» (Тамақтандыру таймері) опциясын таңдаңыз. Раस्ताу үшін ОК түймесін басыңыз.
- 2 Тамақтандыру таймері ішкі мәзірінде «Set Timer» (Таймерді орнату) опциясын таңдаңыз. Таймер орнатуды бастау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 3 Сағат пен минутты орнатып, раस्ताу үшін ОК түймесін басыңыз.
- 4 Тамақтандыру таймерін іске қосу үшін, тамақтандыру таймері ішкі мәзірінде «xx:xx Start» (xx:xx бастау) опциясын таңдаңыз. Раस्ताу үшін ОК түймесін басыңыз. Дисплейде таймер белгісі көрінеді және таймер кері санауды бастайды.



- 5 Таймер 00:00 мәніне жеткенде тамақтандыру таймерінің ескерту параметрі өшеді де, дисплейде таймер белгішесі жыпылықтап, «TIMER END» (Таймер аяқталды) хабары жылжып өтеді.
- 6 Таймерді тоқтату үшін тамақтандыру таймері ішкі мәзірінде «Тоқтату және қайта орнату» опциясын таңдап, раस्ताу үшін ОК түймесін басыңыз.

Тамақтандыру таймерін қайталатын етіп орнату

- 1 Бірдей орнату уақытынан кейін тамақтандыру таймерін өшетін ету үшін таймерді орнатқаннан кейін тамақтандыру таймері ішкі мәзірінде «Timer repeat» (Таймерді қайталау) опциясын таңдаңыз. Раस्ताу үшін ОК түймесін басыңыз.
- 2 «Repeat ON» (Қайталауды қосу) немесе «Repeat OFF» (Қайталауды өшіру) опциясын таңдап, раस्ताу үшін ОК түймесін басыңыз. Таймерді қайталау таңбасы дисплейде пайда болады.
- 3 «Repeat ON» (Қайталауды қосу) параметрі орнатылса, тамақтандыру таймері ескертуді тоқтатқаннан кейін қайтадан кері санауды бастайды.

Тамақтандыру таймерінің ескертуін орнату

- 1 Ескертуді орнату үшін таймер ішкі мәзірінен «Timer Alert» (Таймер ескертуі) опциясын таңдаңыз. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 2 Ескерту опцияларының бірін таңдаңыз. Қолжетімді опциялар: тек дыбыс, дыбыс пен діріл және тек діріл.
- 3 Ескертуді тоқтату үшін кез келген пернені басыңыз немесе ескерту автоматты түрде 2 минуттан кейін тоқтайды.
- 4 Таймерді тоқтату үшін тамақтандыру таймері ішкі мәзірінде «Тоқтату және қайта орнату» опциясын таңдап, растау үшін ОК түймесін басыңыз.


Бөлме температурасы

16°C/61°F және 20°C/68°F аралығындағы температурада нәресте жақсы ұйықтайды. Ең төменгі және ең жоғарғы температура ауқымын және бір ескертуді орнатуға болады.

- 1 Температура ішкі мәзірін ашу үшін мәзірден «Temperature» (Температура) тармағын таңдаңыз. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 2 Температура ішкі мәзірінен «Температура ауқымы» тармағын таңдап, растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 3 + және - түймелерін пайдаланып 10°C/50°F and 19°C/66°F аралығындағы ең төмен температура ауқымын және 22°C/72°F and 37°C/99°F аралығындағы ең жоғарғы температура ауқымын орнатыңыз. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 4 Температура ішкі мәзірінен «Alert» (Ескерту) тармағын таңдаңыз. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 5 Ескерту опцияларының бірін таңдаңыз. Қолжетімді опциялар: тек дыбыс, дыбыс және діріл, тек діріл және тек көрсету. Растау үшін ОК түймесін басыңыз. Дисплейде температураны ескерту таңбасы пайда болады.
- 6 Температура ішкі мәзірінен «Temp Scale» (Температура шкаласы) тармағын таңдаңыз. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 7 «Цельсий» немесе «Фаренгейт» шкаласын таңдап, растау үшін ОК түймесін басыңыз. Дисплейде орнатылған шкаладағы температура көрсетіледі. Температура орнатылған ауқымда болса, температура ескертуі белгісінде екі бөлік болады. Температура орнатылған ауқымнан төмен немесе жоғары болса, дисплейдегі температура ескертуі таңбасында бір бөлік болады және ол жыпылықтайды. Дисплейде «TOO COLD» (Тым салқын) немесе «TOO HOT» (Тым ыстық) хабары пайда болады.



Жылағанда ескерту



Баланың жылап жатқанын ескерту үшін жылағанда ескертуді орнатуға болады.

- 1 + және - түймелерін пайдаланып мәзірден «Cry alert» (Жылағанда ескерту) опциясын таңдаңыз. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 2 Дисплей «Turn Off» (Өшіру) параметрін көрсеткен кезде, растау үшін ОК түймесін басыңыз. Жылағанда ескерту көрсеткіші дисплейде көрінеді.
Төртінші дауыс деңгейіндегі жарық жанып тұруы үшін бала бөлмесіндегі дыбыс қатты болса, жылағанда ескерту өшеді. Ата-ана бөлігі діріл дыбысын шығарып, дисплейде «Cry alert» (Жылағанда ескерту) хабары 4 секунд бойы көрінеді. Дыбыс азайғанша немесе жылағанда ескертуді өшіргенше, жылағанда ескерту әр 8 секунд сайын қайталанады.
- 3 Жылағанда ескертуді өшіру үшін, мәзірден «Cry alert» (Жылағанда ескерту) тармағын таңдаңыз. Дисплейде «Vibration OFF» (Діріл өшірулі) көрсетілгенде, растау үшін ОК түймесін басыңыз.

Сағат

Сағаттың әдепкі параметрі жасырын болады. Сағатты көрінетін етіп таңдауға және ата-ана бөлігіндегі мәзірде сағатты орнатуға болады.

- 1 + және - түймелерін пайдаланып мәзірден «Set clock» (Сағатты орнату) опциясын таңдаңыз. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 2 «Уақытты көрсету» опциясын таңдап, растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 3 «Set the time» (Уақытты орнату) опциясын таңдап, растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 4 Сағат пен минутты орнатып, растау үшін ОК түймесін басыңыз. Сағат уақыты дисплейдің хабар өрісінде басқа көрсеткіштерге ауысады.

Тіл

Тіл параметрін өзгерту үшін осы мәзір таңдауын пайдалануға болады.

- 1 + және - түймелерін пайдаланып мәзірден «Set language» (Тілді орнату) опциясын таңдаңыз. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.
- 2 + және - түймелерін пайдаланып қажетті тілді таңдап, растау үшін ОК түймесін басыңыз.

Клавишаны тұрақтандыру

Ата-ана бөлігін алып жүргенде түймелердің байқамай басылып кетуін болдырмау үшін пернелерді құлыптау функциясын іске қосыңыз.

1 Пернелерді құлыптау функциясын іске қосу үшін ОК түймесін басыңыз.

2 2 секунд бойы + түймесін басып тұрыңыз.


Ескертпе: 2 секунд бойы + түймесін басып тұрмасаңыз, дисплейде нұсқаулар қалады.

3 + түймесін басқаннан кейін ғана дисплейде «Keys locked» (Пернелер құлыптанды) хабары көрінеді.

4 Пернелерді құлыптау функциясын өшіру үшін ОК түймесін басыңыз. Дисплейде нұсқау хабары көрінгенде + түймесін 2 секунд бойы басып тұрыңыз.

Ескертулер:

- Пернелерді құлыптау функциясын іске қосылып тұрғанда ОК түймесінен басқа түймені басқанда дисплей жанып, дисплейдегі екінші жолда пернелерді құлыптау функциясын ажырату әдісі айтылады.
- Пернелерді құлыптау функциясын іске қосылып тұрғанда ОК түймесін бассаңыз, дисплейдегі екінші жолда түймелер құлпын ашу үшін қажет екінші қадам туралы айтылады.



Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орауыш алынып тасталған. Біз орауышты екі материалға оңай бөлуге тырыстық: картон қорап және полиэтилен (сөмкелер, қорғағыш көбік орауышы).

Өңдеу



Бұл белгі электр өнімдері мен батареяларды күнделікті үй қоқыстарымен бірге тастауға болмайтынын білдіреді.

Электр өнімдері мен батареяларды бөлек жинау бойынша жергілікті ережелерді орындаңыз.

Қолдау көрсету

Жиі қойылатын сұрақтар сияқты барлық өнім қолдауын алу үшін www.philips.com/support веб-сайтына кіріңіз.



Сәбилер мен үш жасқа дейінгі балаларды бақылауға арналған құрылғы

SCD730 SCD731 SCD733 SCD734 SCD735

Балалар бөлімі: 6,0VDC, 500mA немесе 4x1,5V AA сілтілі батареялары (жинаққа кірмейді)

Ата-аналар бөлігі: 2x1,2V AA батареясы Ni-MH 1300mAh немесе 1800mAh

Зарядтаушы стенд: 6.0VDC, 500 mA

Қуат көзі: кіріс 100-240V ~, 50/60Hz, қауіпсіздік класы II, шығу 6,0VDC, 500mA

Ресей және Кедендік Одақ территориясына импорттаушы: ФИЛИПС ЖШҚ, Ресей Федерациясы, 123022 Мәскеу қаласы, Сергей Макеев көшесі, 13-үй.

Өндіруші: "Филипс Консьюмер Лайфстайл Б.В.", Туссендиенпен 4, 9206 АД, Драхтен, Нидерланды.

Қытайда жасалған

SCD730/SCD731/SCD733/SCD734/SCD735 (EN)




< Sensitivity >	OK	{ }	OK	
< Eco Max >	OK	Turn On? > < Turn Off?	OK	No alert if... OK
< CryAlert >	OK	Vibrate On? > < Vibrate Off?		
< Feed Timer >	OK	xx:yy Start? >		
		< Set Timer >	Hr 00:00 OK 00:30 Min OK	
		< Timer Repeat >	Repeat ON > OK < Repeat OFF	
		< Timer Alert >	Sound only > OK < Sound & Vibe > < Vibrate only	
< Temperature >	OK	Temp Range >	Minimum XX°C OK Maximum YY°C OK	
		< Temp Alert >	Sound only > OK < Sound & Vibe > < Vibrate only > < Screen only > < Off	
		< Temp Scale >	Celsius > OK < Fahrenheit	
< Set Clock >	OK	Show/Hide >	Hide Clock > OK < Show Clock	
		< Set The Time >	Hr 00:00 OK 00:00 Min OK	
< Set Language >	OK	English > ... < Русский	OK	

Press OK = OK

< = -

> = +



 Light Timer	OK	5 minutes > < 10 minutes > < 15 minutes > < 20 minutes > < Continuous	OK				
 Lullaby	OK	Play no.1 > < Play no.12 > < > < Play all >	OK	Song Timer	OK	5 minutes > < 10 minutes > < 15 minutes > < 20 minutes > < Continuous	OK
 Proj. timer	OK	5 minutes > < 10 minutes > < 15 minutes > < 20 minutes > < Continuous	OK				

Press OK = 

< = 

> = 

